



Nur Qorgaljyn

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 27 (619) БЕЙСЕНБІ 3 МАУСЫМ 2021 ЖЫЛ



Бүгін, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 31-мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу қарсаңында, егемен еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұлт мақтанышы Хайретдин Болғанбаевтың немересі – Достық Тұяқұлы Камеловтың ел кеменгеріне арнаған «Свет неугасимой звезды» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Аталған іс-шараға аудан әкімі Б.Жанбаев, аудан әкімінің орынбасары Д.Сабырғали, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Т.Муканов және мекеме басшылары қатысты.



Қазіргі жаз мезгілі. Ал жаздың сәні – суға түсу. Күннің ыстығында бір сергіп, суға шомылған жақсы-ақ! Алайда, суға түсудің соңғы қайғылы жағдайға душар ететінін естен шығармау керек.

Олай дейтініміз, осы жылдың 5 айында Ақмола облысы көлемінде су айдындарында 27 адам суға кеткен. Оның ішінде 3 бала суға түсем деп тіл тартпай кеткен. Байқағандарыңыздай, алғашқы бес айлықта да, шомылу маусымы басталғалы да, суға кеткен адам саны азайғанымен, суда ажал құшқан бала саны көбейіп барады. Демек, бізге балаларға суға түсу қауіпсіздігі туралы жиі айту, ескерту керек. Қорғалжын ауданы бойынша су айдындарының көбі шомылуға арналмаған. Бірақ, соған қарамастан, балалар да, ересектер де барып, суға шомылатындары жасырын емес. Сондықтан, Қорғалжындықтар ата-аналар балаларына көңіл бөліп, суға түскенде сақ болуға шақырамыз. Ата-аналар жаз уақытында балаларының қай жерде немен айналысып жүргенін сұрау керек. Оларды су жағасына жалғыз өздерін жіберуге болмайды. Суға түсуге барған адам ең құрғанда қарапайым қағидаларды ескеруі қажет. Ол адамның өзінің бас амандығы үшін қажет. Ережелерді сақтай отырып суға түскенде ғана қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады. Су айдынына барғанда мас күйде суға түсуге, қайықтардан, өткелдерден суға секіруге, тексерілмеген, жабдықталмаған жерлерде суға сүңгуге, жүзуге арналмаған заттар



мен жүзуге болмайды. Ең бастысы, балаларды ересектедің қарауынсыз суға жібермеу қажет. Балалардың суда ажал құшу оқиғаларының жиілеуі осыдан суға ересектермен бірге бармауынан шығып жатыр. Баласының болашағын ойлаған әр ата-ана осыны еске сақтау керек.

Су айдындарының қауіпті учаскелерінде «Суға шомылуға тыйым салынған» белгілерде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 364-бап. Ортақ су пайдалану қағидаларын бұзу.

1. Ортақ су пайдалану қағидаларын:

- 1) тыйым салынған жерлерде шомылу, ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктерге су алу, мал суару, шағын көлемді кемелермен және басқа да жүзетін құралдармен жүзу;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың

ортақ су пайдаланудағы су объектілеріне халықтың кіруін қоршаулар, күзет пункттерін, тыйым салатын белгілер орнату жолымен шектеу түрінде жасалған бұзушылық – жеке және заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – екі, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жеті, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – он жеті, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне қырық екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қорғалжын аудандық
ПБ ЖПҚБ КТДЖ УПИ полиция
капитаны Ә.А. Сайлау

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің!»

Болашағымыз – балаларға жақсылық жасау ешқашан ұмыт қалған емес.



Ертеңгі елдің болашағы – балалар бақытты өмір сүруде. Оларға мектебіміздің түлегі, Қазақстан коммуналдық жүйелері энергетика компаниясының бас директоры Айтжанов Наби Еркінұлы тарапынан мектеп жанындағы «Балдәурен» ойын алаңының бүлдіршіндеріне 1 маусым

Халықаралық балаларды қорғау күнін ұмытылмас мереке сыйлады.

Осы ұйымдастырылған іс-шара лагерь балаларына көңілді де бақытты сәт болды. Осы күнгі іс-шаралар салтанатты жиынмен басталып, демеушінің көмегімен құрылған батут, әр түрлі санаттағы отбасының балаларына, егіздер, туған күн иелеріне сыйлықтар, балмұздақтар мен тәттілер қалталары сыйға тартылды. Балалар үшін қуанышы мен қызығы мол сәт әр сәбидің көңілін марқайтып, өмірін жадырататыны айдан анық.

Наби Еркінұлына мектеп ұжымының, балалардың және ата-аналардың атынан болашақ ұрпаққа үлгі болып жүре беріңіз деп рақмет айтамыз. Жақсылық жа-



сау-имандылықтың, тәрбиеліліктің парасаттылықтың айқын көрінісі. Ел болашағына жауапты жастардың өмір тіршілігінің жарқын болуы мен білім алуы жолында аянбай көмек етіп, игі істеріңіз арқылы жақсылық жасай біліп, демеушілік танытқаныңызға алғыс білдіреміз! Еңбек жолңызға толағай табыс пен отбасыңызға береке бірлік тілейміз!

«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Байзильдина Рысты Сушықызы
Уралбекова Анара Рамазанқызы

ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЙ РАСЧЕТ ПЕНСИОННОЙ ВЫПЛАТЫ

✓ Для получения консультации и предварительного расчета, заявитель не ранее чем за три месяца до достижения пенсионного возраста, может обратиться в отделы социального обеспечения филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

Для консультации необходимо иметь документ, удостоверяющий личность и предоставить трудовую книжку, документ об образовании, военный билет. Женщинам также необходимо предоставить свидетельство о браке, свидетельства о рождении детей.

Сотрудник филиала выдает заявителю информацию о консультации и предварительному расчету пенсионной выплаты в бумажном виде.

При личном обращении в отделы социального обеспечения филиала госкорпорации заявитель получает консультацию и предварительный расчет в тот же день.



В случае возникновения вопросов можно обратиться в Единый контакт-центр 1411 по вопросам социального и пенсионного обеспечения.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз-2021» республикалық конкурсына қатысыңыздар

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы Жарлығымен Қазақстанның Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыру және ілгерілету және осы саладағы ең үздік тәжірибені енгізу бойынша ынталандыру мақсатында жылсайын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу белгіленді.

Жеке кәсіпкерлік субъектілері арасында конкурс төрт номинациялар бойынша:

- «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын»
- «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын»
- «Үздік ұжымдық шарт»
- «Экологияға қосқан үлесі үшін»

Үш санаттары бойынша:

- ірі кәсіпкерлік субъектісі
- орта кәсіпкерлік субъектісі
- шағын кәсіпкерлік субъектісі/өткізілетін болады.

Конкурсқа қатысуға өтініштер ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер жергілікті атқару органдарына қажетті материалдарды екі данада ұсынады: 1) осы қағидаға сәйкес қосымшасына толтырылған өтінімді;

2) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі бойынша деңгейін білдіретін өзіндік бағалау және оның қызметінің нақты нәтижелері туралы үміткердің есебі.

Үміткердің есебіне кіру тиісті мәліметтер: жеке немесе заңды тұлғаның тарихы;

- ұйымдастырушылық құрылымы;
 - басқа қосымша ақпарат;
- 3) есебтің қосымшасы (ұжымдық шарттың көшірмесі және басқа құжаттар);

4) Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бекітілген үлгісі негізінде толтырылған сауалнама;

Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылдың 23 қаңтардағы № 523 «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- 1) акциялары, жарғылық капиталдардағы мемлекеттің қатысу үлесі 50 пайыздан астамын құрайтын ұйымдар конкурсқа қатысуға жіберілмейді;
- 2) конкурста "Жылдың үздік әлеуметтік жоба-

сы" арнайы сыйлығы тағайындалады, онда бизнес іске асыратын, халықтың әлеуметтік осал және аз қамтылған топтарының жұмыспен қамтылуына және (немесе) өмір сүру жағдайын жақсартуға ықпал ететін әлеуметтік жобалар қарастырылады.;

3) Гран-при "Ірі кәсіпкерлік субъектісі" және "Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі" санаттарында беріледі.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз – 2020» конкурсын өткізу Ережесі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің веб-сайтында жарияланды (www.enbek.gov.kz немесе www.paryz.enbek.gov.kz).

Өтінімдер 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін мына мекен-жай бойынша қабылданады: Қорғалжын ауылы, Болғанбаев көшесі, 9, «Қорғалжын ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ. Электрондық мекен-жайы: otdelozisp@mail.ru. Телефон нөмірі 8 (71637) 2-23-99.

Электронный технический паспорт на недвижимость

Оптимизация и автоматизация процессов оказания государственных услуг является одним из приоритетных направлений деятельности Государственной корпорации «Правительство для граждан».

В целях упрощения получения технического паспорта на объекты недвижимости был успешно проведен пилотный проект по выдаче электронного технического паспорта, который позволил услугополучателям получать услуги не выходя из дома, путем подачи заявки и получения результата через Личный кабинет веб-портала «электронного правительства» egov.kz.

За время действия пилотного проекта было изготовлено и выдано более 12 000 электронных технических паспортов, что говорит о востребованности услуги среди населения.

В связи с актуальностью электронных технических паспортов среди населения, внесены соответствующие поправки в нормативно правовые акты, и в декабре 2020 года пилотный проект введен в рабочий режим на всей территории Республики Казахстан.

На данном этапе электронные технические паспорта выдаются на следующие виды объектов недвижимости:

- квартиры в многоквартирном жилом доме;
- комнаты в общежитиях;
- индивидуальные гаражи;
- дачные строения.

Для получения электронного технического паспорта достаточно подать заявление через веб-портал «электронного правительства» на получение государственной услуги, после получения в Личном кабинете уведомления о готовности электронного технического паспорта произвести доплату за оказание государственной услуги по прикрепленной ссылке, затем информационная система направит электронный технический паспорт также в Личный кабинет услугополучателя.

Данная услуга позволяет получить технический паспорт на недвижимость онлайн, полностью, исключая посещение ЦОН. Электронные технические паспорта содержат те же данные, что выдаются в ЦОНах на бумажном носителе с печатью и подписями. Электронные аналоги подтверждаются электронной цифровой подписью работников задействованных при оказании государственной услуги.

Отдел по регистрации и земельному кадастру Коргалжынского района-филиала «НАО «ГК Правительство для граждан» по Акмолинской области

Тілдің деңгейін көтеру біздің мақсатымыз!

Қоғамда, әсіресе, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы күннен күнге кеңейіп келе жатыр деуге толық негіз бар. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - дегендей ақын Қадыр Мырза Әлі өлең жолында айтқандай, тіл - ұлттық тіліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің арақатынасында аса маңызды рөлге ие.

Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы Заңның 4-ші бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Ол мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Аталмыш Заң қабылданғаннан бері, оны жүзеге асыру үшін ел Үкіметі бірқатар қаулылар қабылдады. Атап айтқанда, соның бірі 1998 жылғы 14 тамыздағы «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулысы. Сонымен қатар, тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы да бар. Алайда, қаншама жетілген заңдар, бағдарламалар қабылданғанымен, оны іске асыратын адамдар. Сондықтан



әрбір қазақ азаматының бойында өзінің ана тіліне деген құрмет, оның құдіретіне бас ию сезімі қалыптаспайынша, қазақ тілінің көсегесін көтеру қиын.

Әр халықтың ана тілі - оның жаны, ұлттық болмыс-бітімінің бейнесі, ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығының көзі. Ел тәуелсіздігі тіл тәуелсіздігі. Тіл - ұлттың төлқұжаты, мемлекеттік тұғыры демекші, осы бағыттағы болашақтың берік іргетасы

бүгін қалануы қажет. Әсіресе, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың мемлекеттік тілде жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасаумен қатар, мемлекеттік тілде іс жүргізуді де жүйелі қалыптастыру керек. Сонда ғана ана тіліміз өсіп - өркендеп, үлкен мәртебеге ие болып, әлемде кең қолданыста жүрген тілдермен терезесі теңелер еді.

Б.Изахметов
Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

СЖИГАНИЕ МУСОРА – УГРОЗА ВОЗНИКНОВЕНИЯ ПОЖАРА

В весенний период значительно увеличивается количество случаев горения сухой травы и мусора на территории населенных пунктов. Зачастую такие случаи возникают вследствие нарушения требований при складировании и сжигании мусора.

В соответствии с требованиями Технического регламента «Общие требования к пожарной безопасности» Утвержден Постановлением Правительства Республики Казахстан от 16 января 2009 года № 14, сжигание мусора допускается только на открытой территории в безветренную погоду на расстоянии не менее 50 метров от любых зданий, строений и хранящихся материалов при наличии первичных средств пожаротушения (огнетушителей, воды). Площадка, на которой сжигается мусор, должна быть очищена от сухой травы и листьев. Сжигание мусора должно

производиться под постоянным контролем, только в дневное время. После сжигания мусора костер должен быть тщательно залит водой. Оставляя непотушенные костры без присмотра запрещается.

За нарушения требований пожарной безопасности при складировании и сжигании промышленных и бытовых отходов в соответствии со статьей 336 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» в отношении граждан и должностных лиц предусмотрена административная ответственность в виде штрафа на физических лиц в размере трех, на

должностных лиц - в размере двадцати, на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере сорока, на субъектов среднего предпринимательства - в размере семидесяти, на субъектов крупного предпринимательства - в размере ста двадцати месячных расчетных показателей.

Для большинства граждан, сообразный на подворье мусор, конечно, легче сжечь, чем вывезти на свалку. Однако, неосторожность и халатность при сжигании мусора может привести к пожару и нанести непоправимый ущерб.

ОЧС Коргалжынского района

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.



Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында университетте тұрақты түрде «Таза сессия» штабы жұмыс істейді. Штаб қызметінің негізгі идеясы жастармен кездесулер өткізу және оларға жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық туралы ұғымды түсіндіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шараларды жетілдіру, студенттер арасында заңдылық пен жемқорлыққа қарсы тәртіп орнату, сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу.

Көбіне қоғамда сыбайлас жемқорлыққа екі негізгі кейіпкер қатысады: үкімет және жеке меншік секторы. Қағида бойынша азаматтар жемқорлықтың бас құрбанына айналады.

Қоғамның қабілеттілігі, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті

мәселелерді зерттеудің арқасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «... жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалану, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алу».

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл ла-

уазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым парақордың жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Пара деп саналатын нәрселер:

Заттар – ақша, оның ішінде валюта, банк түбіртектері мен құнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қала сыртындағы үйлер, азық-түліктер, тұрмыстық техника мен аспаптар, өзге тауарлар, жер учаскелері және өзге жылжымайтын мүлік.

Қызмет түрлері және олжа – емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелдік сапар, ойын-сауықтар мен басқа шығындарды өтеусіз немесе төмен бағамен төлеу.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз қажет! Өйткені сыбайлас жемқорлық тәсімінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы - сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымдарын бұзады.

Қорғалжын ауданы бойынша МКБ

С 1 июля текущего года в нашей стране вводится в действие Административный процедурно-процессуальный кодекс (АППК). Принятие АППК – важное событие для государства: теперь иски будут рассматриваться по принципу презумпции виновности государственного органа, который должен доказывать законность и обоснованность своего решения, действия либо бездействия.

НОВЫЙ КОДЕКС – ШАГ В БУДУЩЕЕ

Иск должен вытекать из публично-правовых отношений, то есть должен быть связан с принятием административным актом, совершенным административным действием либо бездействием в отношении истца в сфере государственного управления.

Кодексом вводится обязательное досудебное обжалование. И в этом есть существенные преимущества.

Во-первых, это позволит избежать судебных расходов.

Во-вторых, предусмотрено ускоренное производство рассмотрения жалобы в течение 15 рабочих дней с увеличенным объемом проверки.

В-третьих, усилится ведомственный контроль над деятельностью нижестоящих органов, что в свою очередь приведет к единообразию принятия административных актов, так как административный орган не сможет при одинаковых ситуациях принять разные акты.

Есть еще один весомый плюс: административный орган имеет возможность в течение трех дней с момента поступления жалобы на акт исправить свою ошибку, не направляя дело в вышестоящую инстанцию, либо закончить дело мировым соглашением.

Также вышестоящий орган вправе отменить обременяющий акт ввиду нецелесообразности, каким правом не обладает суд. Суд правомочен осуществлять исключительно правовой контроль за решением, действием администрации.

Суд всесторонне, полно и объективно исследует все обстоятельства дела, не ограничиваясь лишь представленными сторонами доказательствами. По своей инициативе суд вправе собирать дополнительные сведения и доказательства. Административный орган обязан доказать свою правоту, а стороны в целом обязаны представлять истребуемые судом документы и сведения.

Сокращено и участие прокурора в судебном процессе. Прокурор будет вступать в процесс по делам, вытекающим из налоговых, таможенных, бюджетных отношений, в области охраны окружающей среды и ряду других.

Административное дело рассматривается и разрешается в разумные сроки, но не более трех месяцев со дня предъявления иска. По административным делам особой сложности этот срок может быть продлен мотивированным определением суда на разумный срок, но не более чем на три месяца.

При определении срока судебного разбирательства должны учитываться правовая и фактическая сложность административного дела, поведение участников процесса, процессуальная достаточность и эффективность действий суда по оперативному рассмотрению дела. Таким образом, разумный срок будет определяться судьей в зависимости от конкретной ситуации.

В то же время отдельные категории дел: административные дела об оспаривании решений, заключений, предписаний уполномоченного органа по итогам проверки проведения государственных закупок и действий (бездействия) судебного исполнителя рассматриваются и разрешаются в течение десяти рабочих дней со дня назначения его к разбирательству в судебном заседании.

Уверен, что принятие и внедрение нового кодекса отвечает запросам общества и будет служить его интересам.

Новые принципы отправления правосудия, закрепленные в данном кодексе, призваны повысить доверие граждан к системе государственного управления.

Қорғалжын аудандық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша брифинг өткізілді

2021 жылдың 27 мамыр күні Қорғалжын аудандық сотының төрағасы Д.Темірханов Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша Қорғалжын аудандық әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Абышев және «Нұр Қорғалжын» аудандық газетінің бас редакторы Б.Шайзадамен сұхбат өткізді.

Брифинг барысында сот төрағасы Д.Темірханов Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне мемлекет пен халық арасындағы дауды шешудің негізгі қағидаттары түсіндірілді.

Жаңа кодекстің ерекшеліктері - мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтар арасында дауды жағдайлар жиі туындайды.

Жаңа кодексте осы теңсіздікті жоюға байланысты нақты - Жалпы, мемлекет азаматтардың құқығын қорғауға қолайлы жағдай туғызуға міндетті.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жедел қабылдануды да сондықтан.

Жаңа заңнамада судьяның белсенділігін арттыруға айрықша ден қойылып отыр.

Енді судьялар шешімді мемлекеттік органдар мен жеке азаматтардың әкелген дәлел - дәйектеріне ғана сүйеніп шығармайды.

Судья қажет деп тапса, істі нақтылауға көмектесетін дәлел, құжаттарды сұратуға құқылы.

Егер сот дәйектер толық емес деген жағдайда өз бастамасын оларды жинатуға да мүдделі. Ең бастысы, ендігі жерде мемлекеттік мекемелер өз істерінің дұрыстығын өздері дәлелдеуі керек. Ал, азаматтар мұндай әурешіліктен босатылады.

Іс-шара соңында қойылған сұрақтарға толықтай жауаптар берілді.

Б.Изахметов
Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

Сот залынан!

Заңсыз аңшылық

Тиісті жолдамасыз, аңшылық жасауға арнайы рұқсаты жоқ немесе белгіленген орнынан тыс, тыйым салынған мерзімде тыйым салынған қару мен әдістермен аңшылық жасаған заңсыз аңшылық болып есептеледі. Қазақстан Республикасында заңсыз аңшылық үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Қорғалжын аудандық сотында азамат Т-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотталушы аңшылық жасауға рұқсаты бар әуесқой аңшы. Алайда аңшылық жасауға тиісті жолдама алмастан, пайдакүнемдік ниетпен, жануарлар тіршілік ету ортасына заңсыз аңшылық жасаған нәтижесінде мемлекетке материалдық шығын келтірген.

Сот отырысында азамат Т. өзінің кінәсін мойындап, аңшылық жасауға жолдамасы жоқ екенін біле тұра, пайдакүнемдік ниетпен, заңсыз аң аулағанын айтты. Өз ісіне өкінетінін білдіріп, қатаң жаза қолданбауын сұрады.

Сотта жәбірленушінің өкілі азамат К. сотталушы Т-нің жануарлар тіршілік ету ортасына заңсыз аңшылық жасау нәтижесінде мемлекетке келтірген материалдық шығынды толық өтегенін, қатаң жазаламауын сұрады.

Сот қылмыстық жауаптылық пен жазасын жеңілдететін мән-жай ретінде сотталушының өзінің кінәсін толық көлемде мойындауын, кәмелеттік жасқа толмаған екі баласы болуын, мемлекетке келтірілген материалдық шығынды сотқа дейін толық көлемде өтегенін ескере отырып, бір мың бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жазасын тағайындады.

Сонымен қатар, сотталушыға қосымша жаза ретінде аңшылықпен айналысу құқығынан үш жылға айырылды.

Үкім заңды күшіне енді.

С. Альсенова

Қорғалжын аудандық сотының бас маманы

МӘМІЛЕГЕ КЕЛУ СЫЙЛАСТЫҚТЫ САҚТАЙДЫ

Елімізде 2011 жылдың 28 қаңтарында «Медиация туралы» Заң қабылданды. «Медиация» деген сөз латынша екі көзқарастың немесе екі жақтың ортасында болу, орта жолды ұсыну, бейтарапты болу деген мағынаны білдіреді.

Медиация көптеген ғасырлар бойы бейбітшілікті орнықтыру қызмет жолында қолданылғаны мәлім.

Тарихқа көз жүгіртсек, тентегін тезге салып, тұрмыстық қарым қатынаста туындаған түрлі дау-жанжалдарды байырғы билеріміздің тараптарды мәмілеге келтіру арқылы шешіп отырғандығын барлығымыз білеміз.

Қазіргі таңда медиация дегеніміз дау-жанжалға қатысушылардың біріге отырып пайда болған келіспеушілікті шешу.

Бұл заң қазақ халқының дәстүрлі

билер мен ата-баба тағылымын, әдет ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамдардың бірі, оның тиімділігі қай жағынан болмасын мол деп есептесекте артық емес.

Медиацияда басты мүдде еркіндік болып есептеледі. Себебі, тараптар біреудің мәжбүрлеуі арқылы емес, өздерінің татуласуы және бір мәмілеге келуі арқылы келісімге келеді.

Медиация азаматтар арасында қарым-қатынасты нығайтуға, талас-тартыс деңгейін төмендетуге, тараптардың бір-біріне деген



қарым қатынас мәдениетінің, сыйластығын жоғалтамауына, ерікті түрде орындалатын шешімдердің көбеюіне әкелетінін сенімді түрде айтуға болады.

Медиацияның негізгі мақсаты – қос тарапты бірдей қанағаттандыратын және дауласушылық деңгейін төмендететін өзара тиімді және қолайлы бейбіт келісімге келу.

Қорғалжын аудандық сотының төрағасы Д.Д. Темірханов

Почти два миллиона казахстанцев вакцинировались от COVID-19



На 24 мая в Казахстане провакцинировано 1 991 219 человек, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на официальный сайт Министерства здравоохранения РК.

Лидирует по вакцинации по-прежнему город Алматы, где от коронавируса привились 293 051 человек. Замыкает список Мангыстауская область, здесь вакцину получили 37 315 человек. В главном городе страны Нур-Султане - 152 930 вакцинировавшихся.

Все права защищены. Используйте активную ссылку на [inform.kz](https://www.inform.kz/ru/pochti-dva-milliona-kazahstancsev-vakcinirovalis-ot-covid-19_a3791553) https://www.inform.kz/ru/pochti-dva-milliona-kazahstancsev-vakcinirovalis-ot-covid-19_a3791553

УЧАСТИЕ ОБЩЕСТВА В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОКАЗАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ ВОЗРАСТАЕТ

Возможности для вовлечения гражданского общества в процесс принятия управленческих решений по оказанию государственных услуг значительно возросли. Во-первых, есть возможность участия в публичных обсуждениях проектов нормативных правовых актов, регулирующих порядок оказания государственных услуг. Во-вторых, можно проводить общественный мониторинг качества оказания государственных услуг. В-третьих, имеется возможность участвовать в публичных обсуждениях отчетов о деятельности государственных органов в сфере оказания государственных услуг.

Сегодня на заседаниях общественных советов активно рассматриваются итоги Общественного мониторинга качества оказания государственных услуг, проведенного в 2020 году Центром прикладных исследований «Талап» по заказу Агентства РК по делам государственной службы.

Исследование проводилось по специально разработанной Методике общественного мониторинга качества оказания электронных государственных услуг, оказываемых с применением информационно-коммуникационных технологий.

Результаты Общественного мониторинга показали, что удовлетворен-

ность населения качеством оказания государственных услуг по Республике составляет – 75,1%, что на 0,3% выше по сравнению с показателем 2019 года.

Уровень качества оказания государственных услуг, предоставляемых на территории Акмолинской области достиг 80,3%.

По итогам рассмотрения результатов Общественного мониторинга выработаны соответствующие рекомендации, направленные на повышения качества оказания государственных услуг в регионе.

Достижению таких показателей послужили результаты активной работы по популяризации электронных услуг,

обеспечения доступности государственных услуг, в том числе и для лиц с ограниченными возможностями, внедрение новых информационно-коммуникационных технологий, сокращение административных процедур, а также повышение уровня знаний работников услугодателей. К примеру, в 2020 году в филиале Академии государственного управления при президенте Республики Казахстан по Акмолинской области прошли обучение 1794 работников услугодателей.

Наряду с этим, по инициативе Агентства организована совместная работа с неправительственными организациями «Общественный контроль» в го-

сударственных органах, оказывающих государственные услуги.

В ходе данного мероприятия особое внимание уделяется обеспечению доступности государственных услуг лицам с ограниченными возможностями.

К примеру, в 2020 году посещено 28 государственных органов, выявлено 11 нарушений законодательства в сфере оказания государственных услуг, в результате выработаны соответствующие рекомендации по устранению недостатков. На сегодняшний день все рекомендации исполнены в полном объеме.

Вместе с этим, результаты общественного контроля рассмотрены на заседании Межведомственной рабочей группы по вопросам повышения качества оказания государственных услуг.

К слову, повышение качества оказания государственных услуг является одним из приоритетных направлений и находится на постоянном контроле Департамента.

Канат Айтымов,
главный специалист Департамента
Агентства РК по делам
государственной службы
по Акмолинской области

Құрылтайшы меншік иесі:
ЖШС «Нұр-АяуЖан»
Б. Шайзада
Бас редактор:
Ботагөз Сембайқызы

Мекен-жайы:
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауылы,
Досымсейіт Отарбеков
көшесі 9,
тел: +77756709906
+77026437002

Газет
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және Ақпарат
министрлігі
Ақпарат және Мұрағат
комитетінде тіркеліп,
№12797-Г куәлік алған
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»
«Нұр-АяуЖан» ЖШС
редакциясында теріліп жиналды,
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,
Тапсырыс № 647
Таралымы 600 дана
Аптаның әр бейсенбі
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның
көз-қарасын білдірмейді.

Қол жазба рецензияланбайды
және авторға қайтарылмайды

Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес

Ұсынылған материалдардағы фактілер
үшін автор жауап береді

Интернеттен алынған ақпараттар
басқа автор атынан жарияланбайды.